

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Қазақ, орыс және латын тілдері кафедрасы «Қазақ тілі» (B1) пәнінен «Медицина» БББ арналған силлабус	044-37/11 – ( ) 32 беттің 1-беті	

**«Қазақ, орыс және латын тілдері» кафедрасы**  
**«Қазақ тілі» пәннің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)**  
**6B10115 «Медицина» білім беру бағдарламасы**

<b>1. Пән туралы жалпы мағлұмат</b>			
1.1	Пән коды: КТ 1104	1.6	Оқу жылы: 2023-2024
1.2	Пәннің атауы: Қазақ тілі (B1 деңгейі)	1.7	Курс: I
1.3	Реквизитке дейінгі: - Қазақ тілінің A1, A2 деңгейі	1.8	Семестр: I-II
1.4	Реквизиттен кейінгі: Психология және мәдениеттану, әлеуметтану және саясаттану	1.9	Кредиттер саны (ECTS): 10
1.5	Цикл: ЖБП	1.10	Компонент: МК
<b>2. Пәннің сипаттамасы (50 сөзден көп емес)</b>			
<p>Тұлғааралық, мәдениетаралық және кәсіби қарым-қатынас міндеттерін орындау үшін қазақ, орыс тілдерінде ауызша және жазбаша түріндегі қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру; қазақ және орыс тілдерінде қарым-қатынас жағдайына тұлғааралық әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас қабілетіне сәйкес ақпаратты талдау; қазақ және орыс тілдерінде қарым-қатынас, кәсіби жетістіктер мен өз-өзін жетілдіру бағдарламаларын құру үшін грамматикалық білім жүйесі негізінде тілдік және сөйлеу құралдарын пайдалану.</p>			
<b>3. Жиынтық бағалау түрі</b>			
3.1	Тестілеу ✓	3.5	Курстық
3.2	Жазбаша	3.6	Эссе
3.3	Ауызша	3.7	Жоба
3.4	ОҚКЕ/ ОҚТЕ немесе тәжірибелік дағдыларды қабылдау	3.8	Басқа (көрсету)
<b>4. Пәннің мақсаттары</b>			
<p>Қазақ тілінде B1 біліктілік деңгейіне сәйкес сөйлеу әрекетінің барлық түрлері бойынша коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру арқылы әлеуметтік, мәдениетаралық, кәсіби және қарым-қатынас құралы ретінде қазақ ұлттық мәдениеті тұрғысынан қазақ тілін сапалы меңгеруді қамтамасыз ету болып саналады.</p> <p>1) рухани жаңғырудың жалпыұлттық идеясы шеңберінде студенттердің әлеуметтік-гуманитарлық дүниетанымын қалыптастыруға бағытталған жалпы білім беру пәні;</p> <p>2) болашақ маманның ұлттық сана мен мәдени код негізіндегі танымын қалыптастыра отырып, әлемдік деңгейдегі білімді меңгеруде тілдің дәнекер болып табылатынына көз</p>			

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979- <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Қазақ, орыс және латын тілдері кафедрасы «Қазақ тілі» (B1) пәнінен «Медицина» БББ арналған силлабус	044-37/11 – ( ) 32 беттің 2-беті	

жеткізу, еліміздің дамуы жолында еңбек ететін маманның мемлекеттік тілді жетік меңгеріп, ұлттық жаңғыруды қамтамасыз етуге қабілетті мамандарды даярлауда қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту.

<b>5. Оқытудың соңғы нәтижелері (пәннің ОН)</b>						
1 ОН	Қарым-қатынас жасауға қажетті, қолданыста жиі кездесетін лексикалық бірліктерді қолданып, тұрмыстық, оқу, әлеуметтік, мәдени, кәсіби салаларда, әртүрлі сөйлеу жағдаяттарында сұхбатқа қатысып, қолдануға қажетті ақпараттарды сұрай алады.					
2 ОН	Тілдің, мәдениеттің, қарым-қатынас ерекшеліктеріне сәйкес мәдени, әлеуметтік маңызы бар мәселелерді талқылай алады, өз көзқарасын білдіруге, оны дәлелді түрде қорғай алады, әңгімелесушілердің пікірін сыни тұрғыдан бағалай алады.					
3 ОН	Әртүрлі жанрдағы мәтін түрлерін оқып, түсініп, негізгі және көмекші ақпараттарды ажырата алады, мәтіндердегі мағыналық бөліктерді талдап, сипаттай алады.					
4 ОН	Қазақ тілінде әртүрлі мақсаттағы хат-хабарлар жазуға, мақала, аннотация, тезис жазуға, өз қызығушылығына қарай мақала түрлерін, эссе түрлерін жаза алады.					
5 ОН	Қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпарат сұрауға және хабарлауға, қатысушылардың іс-әрекеттеріне баға беруге, таным мен қарым-қатынас жағдайында әңгімелескен адамға әсер ету құралы ретінде ақпаратты пайдалана алады.					
6 ОН	Интернет-ресурстар арқылы берілген ақпараттарды тыңдап, оларды түсінуге, негізгі тақырыпты анықтауға, мәліметтерді ажыратуға қабілетті бола алады.					
5.1	Пәннің ОН	Пәнді оқыту нәтижелерімен байланысты білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелері				
	1 ОН 4 ОН	1 ОН Биомедициналық, клиникалық, эпидемиологиялық және әлеуметтік-мінезқұлық ғылымдар саласындағы негізгі білімдерді тәжірибеде қолдана алады.				
	2 ОН	2 ОН Биомедициналық, клиникалық, эпидемиологиялық және әлеуметтік-мінезқұлық ғылымдар саласындағы кең таралған аурулардың диагностикасына, емдеуіне және алдын алуына бағытталғаны пациент-орталықтанған күтімді қамтамасыз етеді.				
	5 ОН 6 ОН	4 ОН Тиімді ақпарат алмасуға және ынтымақтастыққа әкелетін этика мен деонтология ережелерін сақтау негізінде пациенттермен, олардың отбасыларымен және медицина қызметкерлерімен тиімді қарым-қатынас жасайды.				
	3 ОН	5 ОН Өзін-өзі бақылау және өз қызметін үздіксіз жетілдіру негізінде кәсіби міндеттерді сапалы орындайды.				
<b>6. Пән туралы толық ақпарат</b>						
6.1	Өткізу орны (ғимарат, аудитория): Кафедраның мекенжайы: ОҚМА-ның №3 оқу ғимараты, 2-қабат, №210 кабинет: қазақ тілі мен латын тілі курсы. Тел: 8-7252-408222 (1088) электронды почтасы: <a href="mailto:kaz.tili@mail.ru">kaz.tili@mail.ru</a>					
6.2	Сағаттарының саны	Дәріс	Тәжір. сабақ	Зерт.сабақ	БӨЖ	ОБӨЖ

O'NTUSTIK QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> 1979	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Қазақ, орыс және латын тілдері кафедрасы «Қазақ тілі» (В1) пәнінен «Медицина» БББ арналған силлабус		044-37/11 – ( ) 32 беттің 3-беті

		-	100	-	140	60	
<b>7. Оқытушылар туралы мәліметтер</b>							
№	Т.А.Ж.	Дәрежесі және лауазымы	Электрондық адресі	Ғылыми қызығушылықтары және т. б.	Жетістіктері		
1.	<b>Сәлім Ербол Қалтұрсынұлы</b>	Қазақ тілі мен латын тілі курсының меңгерушісі, доцент м.а. Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты басқармасының басшысы	<a href="mailto:erbol_salim@mail.ru">erbol_salim@mail.ru</a>	«Лингвоелтанымдық сөздік» және «Нейролингвистика мен психолингвистика» бағытында зерттеулер жүргізеді.	55-ден астам ғылыми мақалалардың авторы. Орыс топтарына арналған «Қазақ тілі», «Жоғары кәсіби қазақ тілі» әдістемелік құралдардың авторы.		
2.	<b>Арысбаев Абдиджалил</b>	Ф.ғ.к., қазақ, орыс және латын тілдері кафедрасының доцент.	<a href="mailto:Bagdagulnar@gmail.com">Bagdagulnar@gmail.com</a>	«Қазақ топонимдерінің функционалдық қызмет» бағытында зерттеулер жүргізеді.	40-дан астам ғылыми мақалалардың және екі оқу құралының авторы.		
3.	<b>Темирбекова Гулжамила Қамбарбекқызы</b>	Ф.ғ.к., қазақ, орыс және латын тілдері кафедрасының доценті	<a href="mailto:altynbas68@mail.ru">altynbas68@mail.ru</a>	Қазіргі қазақ тіліндегі бір құрамды есімді сөйлемдер туралы ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізеді.	60-тан астам мақалалардың, 1 skopus пен 1 монографияның және 2 оқу құралының авторы.		
4.	<b>Кемелхан Динара Жұбайханқызы</b>	фил.ғал.магистрі, аға оқытушы, кафедраның оқу ісі меңгерушісі	<a href="mailto:dikosh_kz87@mail.ru">dikosh_kz87@mail.ru</a>	Ұлт мектептерінде мемлекеттік тілді меңгерту жолдары	«Кәсіби қазақ тілі» оқу-әдістемелік құралының және «Қазақ әдебиеті» оқу құралының авторы. 14-тен астам ғылыми мақаланың авторы		
5.	<b>Абдуллабекова Айнаш Темірбекқызы</b>	Аға оқытушы	<a href="mailto:aynash.temirbek@mail.ru">aynash.temirbek@mail.ru</a>	Қазақ тілін деңгейлерге сәйкес жеделдете үйретуде меңгерілетін лексикалық минимум, оны оқыту	Кәсіби қазақ тілі» оқу-әдістемелік құралының және «Қазақ тілі» оқу құралының авторы. 20-дан астам ғылыми мақаланың авторы.		
6.	<b>Жакипова Азиза Сейтжапбарқызы</b>	П.ғ.магистрі, аға оқытушы	<a href="mailto:aziza.23.75@mail.ru">aziza.23.75@mail.ru</a>	Медицина саласында тілдерді оқытудың маңыздылығы	«Қазақ тілі» оқу құралының авторы. 18-ден астам ғылыми мақалалардың авторы.		
<b>8. Тақырыптық жоспар</b>							
Апта/күн	Тақырып атауы	Пәннің қысқаша мазмұны		Пәннің ОН	Сағат саны	Оқыту технологиясының формасы	Бағалау әдістері/формалары



/ әдістері

## I семестр

## Орта деңгей (В1)

1	Тәжірибелік сабақ <b>1.Лексикалық тақырып.</b> Жеке тұлға. <b>2.Грамматикалық тақырып.</b> Зат есімнің септік жүйесі, септік жалғауларының мағыналары.	Жеке тұлғаның қоғамдағы орны. Азаматтығы, ұлты, білімі, оқу орны туралы мәлімет. Зат есімнің септік жүйесі, септік жалғауларының мағыналары. Қабыса, матаса байланысқан зат есімді тіркестердің қолданысы.	1 ОН 5 ОН	3	Шағын топпен жұмыс	Ауызша сұрау
1.	<b>ОБӨЖ.БӨЖ</b> «Мен Қазақстан азаматымын»	Азаматтығы, ұлты, білімі, оқу орны туралы мәлімет беру.	3 ОН 4 ОН	2/4	Эссе жазу	Ауызша сұрау
2	Тәжірибелік сабақ <b>1.Лексикалық тақырып.</b> Отбасы және дәстүр. Отбасындағы сыйластық. <b>2.Грамматикалық тақырып.</b> Көптік жалғау, оның дыбыстық варианттары. Тәуелдік жалғау. Жіктік жалғау	Отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынасы, отбасы берекесі, отбасындағы салт-дәстүрлер, туыстық атаулар туралы ақпарат. Жалпы және жалқы зат есімдер; көптік жалғаулы сөздің тәуелденуі (менің туыстар+ым); тәуелді септеу ( менің әкемнің ағасы); жіктік жалғау, жіктік жалғаудың көптік формасы (Біз қалалық + пыз); Жай сөйлемдердің коммуникативтік мақсаттарына қарай жұмсалуы	1 ОН 5 ОН	3	Шағын топпен жұмыс	Ауызша сұрау
2	<b>ОБӨЖ.БӨЖ</b> Отбасы және тәрбие	Қазақ отбасындағы әке мен ананың орны. Үлкенді сыйлау, құрметтеу. Отбасы тәрбиесінің өзіндік ерекшеліктері. Туыстарының бойындағы ерекше қасиеттері туралы әңгімелеу.	2 ОН 6 ОН	2/4	Презентация	Ауызша сұрау
3.	Тәжірибелік сабақ <b>1.Лексикалық</b>	Оқу орны, мамандық таңдау, таңдаған мамандығының өз	2 ОН 3 ОН	4	Жұптасып жұмыс жасау	Жаттығу мен жұмыс,



	<p><b>тақырып.</b>Мамандықтың бәрі жақсы. Менің мамандығым – менің болашағы.</p> <p><b>2.Грамматикалық тақырып.</b> Есімдіктер, олардың түрлері және септелу ерекшеліктері.</p>	<p>бейімділігі мен қабілетіне сәйкес келуі туралы ақпарат. Іс-қимыл, оқиға, зат, адамдарға эмоциялық қатынастың және көзқарастың, бағалаудың берілуі. Есімдіктер, олардың түрлері және септелу ерекшеліктері.</p>				талдау жұмысы
3	<p><b>ОБӨЖ.БӨЖ</b> Мен таңдаған мамандық</p>	<p>Оқу орны, мамандық таңдау, таңдаған мамандығының өз бейімділігі мен қабілетіне сәйкес келуі туралы ақпарат.</p>	1 ОН 5 ОН	2/3	Презентация	Ауызша сұрау
4	<p><b>Тәжірибелік сабақ</b> <b>1.Лексикалық тақырып.</b> Қоғам және жастар <b>2.Грамматикалық тақырып.</b> Сөйлем және сөйлемнің айтылу мақсатына қарай бөліну түрлері</p>	<p>Жастардың қоғамдағы орны, іс-әрекеті. Қоғамның дамуына жастардың қосып жатқан үлесі туралы мәлімет. Ақпарат алмасуға бағытталған ниеттер (интенциялар), әртүрлі жағдаяттардағы әрекеттерді жүзеге асыруға түрткі болу, қозғау салу формалары, салыстыру құрылымдарын беру тәсілдері.</p>	1 ОН 5 ОН	3	TBL	Тестілеу
4.	<p><b>ОБӨЖ.БӨЖ</b> Қоғамдық орындардағы этика</p>	<p>Оқу орындарында, қоғамдық көліктерде, ұшақтарда, сауда орталықтарында, спорт залдарында, театрларда және т.б. этика түрлеріне шолу жасау.</p>	3 ОН 4 ОН	2/4	Презентация	Ауызша сұрау
5	<p><b>Тәжірибелік сабақ</b> <b>1.Лексикалық тақырып.</b> Бірінші байлық – денсаулық. Ұлттық тағамның пайдасы <b>2.Грамматикалық тақырып.</b> Жалқы</p>	<p>Денсаулық сақтау, спорттың денсаулыққа пайдасы, дұрыс тамақтанудың денсаулық үшін маңыздылығы. Ұлттық сусынның пайдасы. Бейімделген, баяндау және пайымдау элементтері бар</p>	2 ОН 6 ОН	3	Шағын топпен жұмыс	Ауызша сұрау



	және жалпы, деректі және дерексіз ұғымдардың анықталуы	мәтіндердің сипатталуы, жалқы және жалпы, деректі және дерексіз ұғымдардың анықталуы				
5	<b>ОБӨЖ.БӨЖ</b> Ұлттық сусын – қымыз.	Қымыздың пайдасы туралы бейнебаян материалдарымен жұмыс.	2 ОН 6 ОН	2/4	Реферат	Ауызша сұрау
6	<b>Тәжірибелік сабақ</b> <b>1.Лексикалық тақырып.</b> Адам және экология. Экологиялық таза өнім <b>2.Грамматикалық тақырып.</b> Түбір мен қосымша	Табиғи таза өнімдер және оған сұраныс, табиғи өнімнің сапасы, таза өнімнің денсаулыққа пайдасы. Іс-қимылдың объектісі, табыс септік жалғауының түсіріліп қолданылуы, күрделі сөздер. Оларға қосымшалардың жалғану ерекшеліктері. Қосымшаның түрлері	1 ОН 5 ОН	4	Жұптасып жұмыс жасау	Ауызша сұрау
6	<b>ОБӨЖ.БӨЖ</b> Сапалы тағам – саламаттық өмір салтының бастауы	Табиғи өнімнің сапасы, таза өнімнің денсаулыққа пайдасы. (сүт өнімдері, ауыл шаруашылығы, қоршаған орта).	2 ОН 6 ОН	2/3	Презентация	Ауызша сұрау
7	<b>Тәжірибелік сабақ</b> <b>1.Лексикалық тақырып.</b> Саяхат және туризм. Өз өлкеңді таны <b>2.Грамматикалық тақырып.</b> Күрделі сөздер	Туған жерге саяхаттау; туған өлке, оның байлығы, табиғат көріністері; еліміздің туризм саласы. Күрделі атауларда тәуелдік жалғауының қолданылуы.	1 ОН 5 ОН	3	Шағын топпен жұмыс	Ауызша сұрау
7.	<b>ОБӨЖ.БӨЖ</b> «Қандай көркем – туған өлкем»	Өзінің туған жеріне саяхаттау; туған өлке, оның байлығы, табиғат көріністері туралы.	3 ОН 4 ОН	2/4	Эссе жазу	Ауызша сұрау
	<b>Аралық бақылау</b>	Өткен тақырыптарға шолу. Тест тапсырмаларын орындау.				Тестілеу



8	<p><b>Тәжірибелік сабақ</b>  <b>1.Лексикалық тақырып.</b> Адам және табиғат. Табиғат құбылыстары  <b>2.Грамматикалық тақырып.</b> Мезгіл мағыналы сөздер</p>	<p>Табиғатта болып жатқан өзгерістер. Табиғат құбылыстарының адам өміріне әсері. Күрт құбылмалы ауа райы туралы мәлімет. Мезгіл мағыналы сөздер (қыс, көктем, түсте, кеш батқанда), салыстыру құрылымдарын берудегі қолданысы.</p>	<p>1 ОН 5 ОН</p>	3	Жұптасып жұмыс жасау	Ауызша сұрау
8.	<p><b>ОБӨЖ.БӨЖ</b>                  Табиғат құбылыстарынан келетін қиындықтар.</p>	<p>Табиғат құбылыстарының адам өміріне әсері. Күрт құбылмалы ауа райы туралы мәлімет.</p>	<p>3 ОН 4 ОН</p>	2/4	Презентация	Ауызша сұрау
9	<p><b>Тәжірибелік сабақ</b>  <b>1.Лексикалық тақырып.</b> Адам және уақыт. Ұлы мәртебелі уақыт  <b>2.Грамматикалық тақырып.</b> Тұрақты сөз тіркестері</p>	<p>Уақыттың құндылығы, оны басқара білу. Уақытты тиімді пайдалану және оны үнемдеу тәсілдері туралы ақпарат. Іс-қимылдың басталу, аяқталу мерзімі, адам жасының кезеңдерін білдіру, объектілік/ субъектілік қатынастарды салыстыру. Тұрақты тіркестер (сүт пісірім, ет асым, күн төбеге көтерілгенде, қас қарайған кезде) арқылы берілуі</p>	<p>1 ОН 5 ОН</p>	4	Шағын топпен жұмыс	Жаттығу мен жұмыс, талдау жұмысы
9.	<p><b>ОБӨЖ.БӨЖ</b>                  Уақытыңды бағалай білесің бе?</p>	<p>Уақыттың құндылығы, оны басқара білу. Уақытты тиімді пайдалану және оны үнемдеу тәсілдері туралы айту.</p>	<p>2 ОН 6 ОН</p>	2/3	Реферат	Ауызша сұрау
10	<p><b>Тәжірибелік сабақ</b>  <b>1.Лексикалық тақырып.</b> Мәдениет және өнер. Театр және кино өнері  <b>2.Грамматикалық тақырып.</b> Жалпылау</p>	<p>Қазақтың тұңғыш драма театры мен киносы. Алғашқы кино және пьесалар. Қазақтың танымал өнер қайраткерлері. Бірлескен іс-қимылдың берілуі, қимылдың тәсілі, амалы. Жалпылау есімдіктері</p>	<p>1 ОН 5 ОН</p>	3	Жұптасып жұмыс жасау	Ауызша сұрау



	есімдіктері					
10	<b>ОБӨЖ.БӨЖ</b> Өнер көкке жеткізер	Қазақтың тұңғыш драма театры мен киносы. Қазақтың танымал өнер қайраткерлері. Өзіне ұнайтын туынды жайлы әңгімелеу, театрға саяхат.	3 ОН 4 ОН	2/4	Реферат	Ауызша сұрау
11	<b>Тәжірибелік сабақ</b> <b>1.Лексикалық тақырып.</b> Мінез және келбет. Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат <b>2.Грамматикалық тақырып.</b> Жіктеу есімдіктері. Құранды етістіктер	Адамның жан дүниесі және сыртқы келбеті, олардың үйлесімділігі туралы мәлімет. Есімдіктер және олардың септелу ерекшеліктері, жіктеу есімдіктері. Құранды етістіктер (жақсы көру, көңіл бөлу, іске асыру).	1 ОН 5 ОН	3	Шағын топпен жұмыс	Жаттығу мен жұмыс, талдау жұмысы
11.	<b>ОБӨЖ.БӨЖ</b> Киіміне қарай қарсы ал, мінезіне қарап шығарып сал.	Адамның сыртқы келбеті Мінез-құлықтың адамның қарым-қатынас жасауында алатын орны. Мінез-құлық мәдениеті.	2 ОН 6 ОН	2/4	Реферат	Ауызша сұрау
12	<b>Тәжірибелік сабақ</b> <b>1.Лексикалық тақырып.</b> Сән мен талғам. Киім. <b>2.Грамматикалық тақырып.</b> Сын-бейне, мөлшер үстеулері	Киім үлгілері пішіндерінің алмасуы, стиль ерекшеліктері. Қазіргі заманғы киім үлгісі. Қазақстанның қазіргі сәнгерлерінің киім үлгілері. Сын-бейне үстеулері (әрең, бірте-бірте, ақырындап), мөлшер үстеулері (біраз, айтарлықтай, бірен-саран). Анықтайтын, нақтылайтын сөздердің берілуі.	1 ОН 5 ОН	4	Жұптасып жұмыс жасау	Ауызша сұрау
12.	<b>ОБӨЖ.БӨЖ</b> Тренд қандай? Сән үрдістері мен тенденциялары	Киім үлгілері, стиль ерекшеліктері. Қазіргі заманғы киім үлгісі. Қазақстанның қазіргі сәнгерлерінің киім үлгілері.	2 ОН 6 ОН	2/3	Презентация	Ауызша сұрау
13	<b>Тәжірибелік сабақ</b>	Қазақ халқының рухани,	1 ОН	3	Жұптасып	Ауызша



	<p><b>1.Лексикалық тақырып.</b> Әдебиет және өнер. Проза және поэзия</p> <p><b>2.Грамматикалық тақырып.</b> Себеп-салдар, ыңғайластық жалғаулықтар</p>	мәдени мұрасы, оның ерекшеліктері. Проза және поэзия жанры туралы мәлімет. Танымдық, ақпараттық мазмұндағы мәтіндерді бағалау және қорытындылау. Себеп-салдар, ыңғайластық жалғаулықтар(бастап, бері, кейін, сонымен, сондықтан, себебі, өйткені, сол себепті, алайда, қарағанда, салыстырғанда).	5 ОН		жұмыс жасау	сұрау
13.	<b>ОБӨЖ.БӨЖ</b> Менің сүйікті жанрым	Жанр туралы түсінік. Проза және поэзия жанры туралы мәлімет.	2 ОН 6 ОН	2/4	Презентац ия	Ауызша сұрау
14	<b>Тәжірибелік сабақ</b> <b>1. Лексикалық тақырып.</b> Менің Отаным: Атамекен – құт мекен <b>2.Грамматикалық тақырып.</b> Реттік сан есім мен зат есімнің тіркесі. Күрделі сан есімнің берілуі.	Отан, туған жер ұғымы. Отанға деген сүйіспеншілік, елді, жерді құрметтеу, еліміздің рәміздерін қастерлеу жайлы ақпарат. Әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени салалардағы қатысым түрлері. Сөйлемдердің логикалық, мағыналық байланысы. Реттік сан есім мен зат есімнің тіркесі. Күрделі сан есімнің берілуі.	2 ОН 6 ОН	3	Шағын топпен жұмыс	Ауызша сұрау
14	<b>ОБӨЖ.БӨЖ</b> Бай өлке	Қазақ өлкесінің қазба байлығы жайлы және жетістіктері туралы статистика мәліметі.	5 ОН 6 ОН	2/4	Сауална ма жүргізу	Ауызша сұрау
15	<b>Тәжірибелік сабақ</b> <b>1. Лексикалық тақырып.</b> Тұрғын үй және сәулет. Қазіргі заманауи үйлер <b>2.Грамматикалық тақырып.</b> Көмекші есімдер. Күшейткіш мәнді сөздер	Сәулет, қала құрылысы және тұрғын үй. Көппәтерлі тұрғын үйлердің сырт келбеті.Қазіргі заманауи үйлер, олардың ерекшеліктері туралы ақпарат. Баяндау және пайымдау элементтері бар мәтіндерді бағалау, қорытындылау. Көмекші есімдер (айналасында, сыртында, маңайында).	1 ОН 5 ОН	4	Шағын топпен жұмыс	Ауызша сұрау



		Күшейткіш мәнді сөздер (нағыз, керемет, теңдессіз )				
15	<b>ОБӨЖ.БӨЖ</b> Еліміздегі көрнекті сәулет туындылары	Қазақстанның сәулет өнері. Ерекше сәулет туындылары туралы мәлімет.	1 ОН 5 ОН	2/3	Презентация	Ауызша сұрау
	<b>Аралық бақылау</b>	Өткен тақырыптарға шолу. Тест тапсырмаларын орындау.				Тестілеу

## II семестр

Апта күн	Тақырып атауы	Пәннің қысқаша мазмұны	Пәннің ОН	Сағат саны	Оқыту технологиясының формасы/әдістері	Бағалау әдістері/формалары
1	<b>Тәжірибелік сабақ</b> 1. <b>Лексикалық тақырып.</b> Білім және ғылым. 2. <b>Грамматикалық тақырып.</b> Заттың (жақ, тарап) анықтамасы.	Білім, ғылым және жастар саясаты. Білім беру жүйесіндегі жаңашылдық. Қазіргі білім беруді дамыту, білімді ұрпақ тәрбиелеу туралы мәлімет. Заттың (жақ, тарап) анықтамасы (Қазақстан жастары), салыстыру құрылымдарының берілуі, іс-қимылдың мекені (елімізде, оқу орындарында)	1 ОН 5 ОН	3	Шағын топпен жұмыс	Ауызша сұрау
1.	<b>ОБӨЖ.БӨЖ</b> Ел болашағы – білімді ұрпақта	Білім беру жүйесіндегі жаңашылдық. Қазіргі білім беруді дамыту, білімді ұрпақ тәрбиелеу туралы мәлімет.	2 ОН 6 ОН	2/4	Эссе жазу	Ауызша сұрау
2	<b>Тәжірибелік сабақ</b> 1. <b>Лексикалық тақырып.</b> Білімді жастар – болашақтың тірегі. Мен жастарға сенемін 2. <b>Грамматикалық тақырып.</b> дағы/-дегі, -тағы/-тегі формасы,	Білімділіктің адам өміріндегі маңыздылығы, жастарға арналған білім беру бағдарламалары, бәсекелестікке қабілетті ұрпақ туралы мағлұмат. дағы/-дегі, -тағы/-тегі формасы (анықтауыштық мағынасы): Қазақстан Республикасының білім	1 ОН 5 ОН	3	Жұптасып жұмыс жасау	Тестілеу



	анықтауыштық мағынасы	жүйесіндегі жаңашылдығы, жоғары оқу орындарындағы тәжірибе. Диалогты бастау, жалғастыру				
2.	<b>ОБӨЖ.БӨЖ</b> «Болашақ» түлектерімен сұқбат	«Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелде оқып келген мамандар туралы түсінік.	2 ОН 6 ОН	2/4	Реферат	Ауызша сұрау
3	<b>Тәжірибелік сабақ</b> 1. <b>Лексикалық тақырып.</b> Өнертабыс және жаңашылдық. Қазіргі заман өнертабыстары 2. <b>Грамматикалық тақырып.</b> Етістік шақтарының жіктелуі.	Өнертабыс-өнертапқыштық ұғымы, бүгінгі таңдағы өнертабыс түрлері мен оларға сипаттама. Етістік шақтарының жіктелуі. Етістік+-ма-й-ын-ша, -ме-й-ін-ше, па-й-ын-ша, пе-й-ін-ше, ба-й-ын-ша, -бе-й-ін-ше тіркестері арқылы қолданылуы	1 ОН 5 ОН	4	Жұптасып жұмыс жасау	Ауызша сұрау
3.	<b>ОБӨЖ.БӨЖ</b> Телехабарларға шолу	Қазақ теледидарларындағы бағдарламаларына шолу жасау	2 ОН 6 ОН	2/4	Презентация	Ауызша сұрау
4	<b>Тәжірибелік сабақ</b> 1. <b>Лексикалық тақырып.</b> Танымал тұлғалар. Заманауи Қазақстанның 100 жаңа есімі 2. <b>Грамматикалық тақырып.</b> Есімшенің анықтауыштық қызметі	«Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы, оның мақсаты, жоба жеңімпаздары, елімізге ең танымал есімдер туралы мәлімет. Есімшенің анықтауыштық қызметі (айтылған ой, айтқан ұсыныс, таңдаған кәсіп). Шектік (тежеу) демеуліктері (ғана, тек қана).	1 ОН 5 ОН	3	TBL	Тестілеу
4	<b>ОБӨЖ.БӨЖ</b> «100 жаңа есім» жобасы	«Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы, оның мақсаты, жоба жеңімпаздары, елімізге ең танымал есімдер туралы мәлімет.	2 ОН 6 ОН	2/4	Реферат	Ауызша сұрау
5.	<b>Тәжірибелік сабақ</b> 1. <b>Лексикалық тақырып.</b>	Бұқаралық ақпарат құралдары, оның түрлері.	1 ОН 5 ОН	3	Жұптасып жұмыс	Ауызша сұрау

	Бұқаралық ақпарат құралдары. БАҚ – өмір айнасы <b>2.Грамматикалық тақырып.</b> Предикаттың күрделенген түрі	БАҚ-тың ақпараттық және білімдік қызметі. Бүгінгі таңдағы БАҚ-тың қоғамдық рөлі туралы мәлімет. Ақпарат көздеріне сілтеменің берілуі. Предикаттың күрделенген түрі («... деп», «... екен», «... -уға болады», «... у керек», «... деді»); Етістік+ -са(-се) да, де түрінде қолданылуы			жасау	
5	<b>ОБӨЖ.БӨЖ</b> Баспасөз беттері сөйлейді	БАҚ-тың ақпараттық және білімдік қызметі. Бүгінгі таңдағы БАҚ-тың қоғамдық рөлі туралы мәлімет.	2 ОН 6 ОН	2/4	Презентация	Ауызша сұрау
6	<b>Тәжірибелік сабақ</b> <b>1. Лексикалық тақырып.</b> Көлік және логистика <b>2.Грамматикалық тақырып.</b> Мекендік қатынастың берілуі. Мекен үстеулер	Көлік, көлік қатынасы. Көліктің түрлері. Көпшілік пайдаланатын көлік. Көлік логистикасының міндеттері. Қазақстандағы көлік жүйесі. Мекендік қатынастың берілуі. Мекен үстеулері (жоғары, төмен, алыс, жақын, тысқары, ілгері). Көмекші есімдердің (бойында, айналасында, сыртында, манайында, қасында) берілуі.	1 ОН 5 ОН	4	Шағын топпен жұмыс	Тестілеу
6	<b>ОБӨЖ.БӨЖ</b> Көлік қатынасы	Көлік, көлік қатынасы. Көліктің түрлері. Көпшілік пайдаланатын көлік. Көлік логистикасының міндеттері туралы.	2 ОН 6 ОН	2/3	Презентация	Ауызша сұрау
7.	<b>Тәжірибелік сабақ</b> <b>1. Лексикалық тақырып.</b> Ел экономикасы. Тәуелсіз елдің экономикасы <b>2.Грамматикалық</b>	Қазақстан Республикасының экономикасы, оның дамуы. Қазақстанның халықаралық нарықта алатын орны. Еліміздің беделді халықаралық ұйымдарға мүше болуы.	1 ОН 5 ОН	3	Жұптасып жұмыс жасау	Жаттығу мен жұмыс, талдау жұмысы

	<b>тақырып.</b> Себеп-салдар, қарсылықты, ыңғайластық жалғаулықтар	Себеп-салдар, қарсылықты, ыңғайластық жалғаулықтар (бастап, бері, кейін, сонымен, сондықтан, себебі, өйткені, сол себепті, алайда, қарағанда, салыстырғанда). Анықтауыштық қатынас (нарықтық экономика); кеңістіктік қатынас (Еуразия төрінде)				
7	<b>ОБӨЖ.БӨЖ</b> Экономикалық келіссөздер – тұрақтылық кепілі	Қазақстан Республикасының экономикасы, оның дамуы. Қазақстанның халықаралық нарықта алатын орны. Еліміздің беделді халықаралық ұйымдарға мүше болуы.	2 ОН 6 ОН	2/4	Реферат	Ауызша сұрау
	<b>Аралық бақылау</b>	Өткен тақырыптарға шолу. Тест немесе жазбаша тапсырмаларды орындау.				Тестілеу
8.	<b>Тәжірибелік сабақ</b> <b>1.Лексикалық тақырып.</b> Әлем назарындағы Қазақстан. Қазақстан Рес-ның стратегиялық даму бағдарламалары мен жоспарлары <b>2.Грамматикалық тақырып.</b> Коммуникативтік мақсатқа негізделген монолог. Қалып етістіктердің қолданылу ерекшеліктері.	Еліміздің ұзақ мерзімді даму бағдарламалары, оларды жүзеге асыру жолдары. «Қазақстан - 2030», «Қазақстан - 2050» стратегиялары: қабылдануы және маңызы туралы ақпарат. Коммуникативтік мақсатқа негізделген монолог. Қалып етістіктердің қолданылу ерекшеліктері. Етістік + - ғанда, -генде, -қанда, -кенде қосымшалары арқылы жасалуы.	1 ОН 5 ОН	3	Шағын топпен жұмыс	Ауызша сұрау
8.	<b>ОБӨЖ.БӨЖ</b> БАҚ мәліметтеріне шолу жасау	БАҚ-тың қоғамдағы рөлі. Медиабілім. Ақпараттық сауаттылықты қалыптастыру. Медиамәдениет және	2 ОН 6 ОН	2/4	Презентация	Ауызша сұрау



		медиақұзыреттілік.				
9.	<b>Тәжірибелік сабақ</b> <b>1.Лексикалық тақырып.</b> Ел қауіпсіздігі. Қазақстан Қарулы Күштері <b>2.Грамматикалық тақырып.</b> Монолог, диалог түрлері	Еліміздің Қарулы Күштері, оның түрлері, Қарулы Күштердің әлеуеті, құрылымы мен қызметі. Республика Ұланы, ұландықтардың әскери міндеті. Әлеуметтік-саяси, ресми салалардағы қатысымға негізделген мәтіндердің берілуі. Монолог, диалог түріндегі ақпарат. Мақсат мәнді сөйлем: етістік+у+ үшін тіркесі арқылы жасалуы	1 ОН 5 ОН	4	Шағын топпен жұмыс	Тестілеу
9.	<b>ОБӨЖ.БӨЖ</b> Ел қауіпсіздігі – ең басты мәселе	Еліміздің Қарулы Күштері, оның түрлері, Қарулы Күштердің әлеуеті, құрылымы мен қызметі.	2 ОН 6 ОН	2/3	Презентация	Ауызша сұрау
10.	<b>Тәжірибелік сабақ</b> <b>1.Лексикалық тақырып.</b> Адами құндылық. Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп... <b>2.Грамматикалық тақырып.</b> Етістік + а (-е,-й) алу+ модаль етістіктер шак, жақ формалары арқылы жасалуы.	Адамгершілік пен адами құндылықтар.Адами құндылықтың адам өміріндегі рөлі. Бауырмалдық және кеңпейілділік - адамның ең бір асыл қасиеттері. Адами құндылықты насихаттау. Танымдық-ақпараттық мазмұндағы мәтінді сипаттау, суреттеу, бағалау және қорытынды-лау. Етістік + а (-е,-й) алу+ модаль етістіктер шак, жақ формалары арқылы жасалуы.	1 ОН 5 ОН	3	Жұптасып жұмыс жасау	Жаттығу мен жұмыс, талдау жұмысы
10	<b>ОБӨЖ.БӨЖ</b> Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп...	Кең пейілді қазақ халқының жер аударылып келген ұлттарға деген бауырмалдылығы туралы	3 ОН 4 ОН	2/4	Презентация	Ауызша сұрау
11	<b>Тәжірибелік сабақ</b> <b>1.Лексикалық тақырып.</b> Болашаққа бағдар:	Қазақстан халқының демографиялық жағдайы, халық санының динамикасы, демографиялық	1 ОН 5 ОН	3	Шағын топпен жұмыс	Ауызша сұрау



	<p>рухани жаңғыру. Демография – ұлт тағдыры</p> <p><b>2.Грамматикалық тақырып.</b> Сан-мөлшер категориясының қолданысы. Жинақтық сан есімдер, топтау сан есімдері, болжалдық сан есімдер</p>	<p>саясаттың маңыздылығы туралы ақпарат. Мәтін мазмұнындағы факт, оқиға, әрекеттерге көзқарасын, қатынасын білдіре алу, ой қорыту тәсілдері. Сан-мөлшер категориясының қолданысы. Жинақтық сан есімдер (1-ден 7-ге дейін), топтау сан есімдері (екі-екіден), болжалдық сан есімдердің (он шақты, жиырмаға жуық) берілуі.</p>				
11	<p><b>ОБӨЖ.БӨЖ</b> Қазақстанның демографиялық жағдайы</p>	<p>Қазақстан халқының демографиялық жағдайы, халық санының динамикасы, демографиялық саясаттың маңыздылығы туралы ақпарат.</p>	<p>2 ОН 6 ОН</p>	<p>2/4</p>	<p>Сауална ма жүргізу</p>	<p>Ауызша сұрау</p>
12	<p><b>Тәжірибелік сабақ</b> <b>1.Лексикалық тақырып.</b> Өркениет және жаңа әліпби. Латын әліпбиі – өркениет жолы <b>2.Грамматикалық тақырып.</b> Салалық терминдер. Ресми-іскери стиль.</p>	<p>Қазақ тілінің латын әліпбиі бойынша жаңа емлесі. Ғылыми термин және жаңа сөздер. Латын әліпбиі негізіндегі терминдердің қолданысы. Салалық терминдер. Ресми-іскери стиль.</p>	<p>1 ОН 5 ОН</p>	<p>4</p>	<p>Жұптас ып жұмыс жасау</p>	<p>Жаттығу мен жұмыс, талдау жұмысы</p>
12	<p><b>ОБӨЖ.БӨЖ</b> Латын әліпбиі – өркениет жолы</p>	<p>Латын әліпбиінің шығу тарихы. Қазақ тілінің латын әліпбиі бойынша жаңа емлесі. Латын әліпбиі негізіндегі терминдердің қолданысы.</p>	<p>1 ОН 5 ОН</p>	<p>2/3</p>	<p>Реферат</p>	<p>Ауызша сұрау</p>
13	<p><b>Тәжірибелік сабақ</b> <b>1.Лексикалық тақырып.</b> Тілдік кәсіби бағдар. Кәсіби тіл ерекшелігі <b>2.Грамматикалық</b></p>	<p>Болашақ маманның тілдік құзыреттілігін қалыптастыру. Мамандыққа қатысты тілдік ерекшеліктер. Ойды жеткізудің дәнекерлеуші тілдік</p>	<p>2 ОН 6 ОН</p>	<p>3</p>	<p>Шағын топпен жұмыс</p>	<p>Ауызша сұрау</p>

	тақырып. Мен ... етістік+барыс септік+тиісті+жіктік жалғауы тіркесінің 3 жақта түрленіп қолданылуы	құралдары (сонымен байланысты, соған қарамастан, бірақ, дегенмен, соның нәтижесінде). Мен ... етістік+барыс септік+тиісті+жіктік жалғауы тіркесінің 3 жақта түрленіп қолданылуы				
13.	<b>ОБӨЖ.БӨЖ</b> Еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныс	Қазіргі таңда еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтар туралы.	3 ОН 4 ОН	2/4	Презентация	Ауызша сұрау
14	<b>Тәжірибелік сабақ</b> <b>1.Лексикалық тақырып.</b> Кәсіби тілдің терминжүйесі. Салалық және кәсіби-бағдарлы терминдер <b>2.Грамматикалық тақырып.</b> Қазақ тіліндегі термин сөздер. Тұрақты тілдік оралымдардың берілуі.	Тілді кәсіби бағдарлы қолдану. Салалық және кәсіби терминдер. Қазақ тіліндегі термин сөздер. Әлеуметтік және кәсіби салаларда қолданылатын сөздер (тұлға, азамат, заң, шетелдік, нарық, келіссөз, жол қатынасы). Тұрақты тілдік оралымдардың берілуі.	1 ОН 5 ОН	3	Шағын топпен жұмыс	Ауызша сұрау
14.	<b>ОБӨЖ.БӨЖ</b> Терминдік норма қолданысын сипаттау	Тілді кәсіби бағдарлы қолдану. Салалық және кәсіби терминдер. Қазақ тіліндегі термин сөздер.	3 ОН 4 ОН	2/4	Реферат	Ауызша сұрау
15	<b>Тәжірибелік сабақ</b> <b>1.Лексикалық тақырып.</b> Кәсіби мәтіннің грамматикалық-стильдік ерекшелігі. Кәсіби мәтін ерекшелігі <b>2.Грамматикалық тақырып.</b> Тұрақты тіркестер, ауызекі сөйлеу стилі.	Кәсіби мәтіннің грамматикалық-стильдік ерекшелігі. Жарыссөзге шығу. Тұрақты тіркестер, ауызекі сөйлеу стилі. Қазақ тіліндегі терминдердің салалық бөліністері. Грамматикалық ерекшеліктері мен бірізділігі. Тұрақты тіркестер, ауызекі сөйлеу стилі	2 ОН 6 ОН	4	Шағын топпен жұмыс	Тестілеу
15.	<b>ОБӨЖ.БӨЖ</b> Кәсіби саладағы	Іскерлік қарым – қатынас әлеуметтік қарым-	3 ОН 4 ОН	2/3	Презентация	Ауызша сұрау





іскери қарым қатынас	қатынас туралы. Қазіргі таңда іскерлік қарым-қатынасты ұйымдастыру мен оның негізгі ерекшеліктері туралы түсінік				
Аралық бақылау	Өткен тақырыптарға шолу. Тест немесе жазбаша тапсырмаларды орындау.				Тестілеу

<b>Барлығы</b>	<b>60/110</b>
<b>Аралық бақылауға дайындығы және өткізілуі</b>	<b>0/30</b>
<b>Барлығы</b>	<b>100</b>
<b>Пәннің жалпы сағат саны</b>	<b>300</b>

**9. Оқыту әдістері және бақылау түрлері**

9.1	Дәріс	-
9.2	Тәжіри белік сабақ	шағын топпен жұмыс, жұптасып жұмыс жасау, TBL
9.3	БӨЖ/ОБ ӨЖ	Реферат әзірлеу және қорғау, презентация қорғау, эссе жазу, сауалнама дайындау
9.4	Аралық бақылау	<b>Аралық бақылау:</b> тестілеу 7 және 15 аптасында өткізіледі. <b>Аралық аттестаттау:</b> Компьютерде тестілеу немесе жазбаша.

**10. Бағалау критерийлері**

**10.1 Пәннің оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері**

№ОН	Оқыту нәтижелері	Қанағаттанарлықсыз	Қанағаттанарлық	Жақсы	Өте жақсы
1 ОН	Қарым-қатынас жасауға қажетті, қолданыста жиі кездесетін лексикалық бірліктерді қолданып, тұрмыстық, оқу, әлеуметтік, мәдени, кәсіби салаларда, әртүрлі сөйлеу жағдаяттарын да сұхбатқа	1) Орфографиялық және орфоэпиялық нормаларды жазу, сөйлеу әрекетінде қолдана алмайды; 2) тілді меңгерудің орта деңгейіне арналған лексикалық тілдік бірліктерді коммуникативтік қатынастарда қолдана алмайды; 3) орта деңгейге арналған грамматикалық	1) Орфографиялық және орфоэпиялық нормаларды жазу, сөйлеу әрекетінде қолдануды біледі; 2) тілді меңгерудің орта деңгейіне арналған лексикалық тілдік бірліктерді коммуникативтік қатынастарда қателікпен айтады; 3) орта деңгейге арналған грамматикалық формаларды,	1) Орфографиялық және орфоэпиялық нормаларды жазу, сөйлеу әрекетінде қолдануды меңгерген; 2) тілді меңгерудің орта деңгейіне арналған лексикалық тілдік бірліктерді коммуникативтік қатынастарда қолдануды біледі;	1) Орфографиялық және орфоэпиялық нормаларды жазу, сөйлеу әрекетінде сауатты қолдана алады; 2) тілді меңгерудің базалық деңгейіне арналған лексикалық, грамматикалық тілдік бірліктерді нақты коммуникативтік қатынастарда қолдана алады; 3) орта деңгейге



	қатысып, қолдануға қажетті ақпараттарды сұрай алады;	формаларды, лексикалық тілдік бірліктерді стильдік ерекшеліктерін ескермей, осы деңгейге сәйкес сұхбатқа қатыса алмайды.	лексикалық тілдік бірліктерді стильдік ерекшеліктерді ескермей, осы деңгейге сәйкес сұхбатқа жартылай қатысады.	3) орта деңгейге арналған грамматикалық формаларды, лексикалық тілдік бірліктерді стильдік ерекшеліктерді ескере бермей, бірақ осы деңгейге сәйкес сұхбатқа қатыса алады.	арналған грамматикалық формаларды, лексикалық тілдік бірліктерді стильдік ерекшеліктерді сақтай отырып, осы деңгейге сәйкес сұхбатқа қатыса алады.
<b>2 ОН</b>	Тілдің, мәдениеттің, қарым-қатынас ерекшеліктері не сәйкес мәдени, әлеуметтік маңызы бар мәселелерді талқылай алады, өз көзқарасын білдіруге, оны дәлелді түрде қорғай алады, әңгімелесушілердің пікірін сыни тұрғыдан бағалай алады.	1) Қазақ тіліндегі әлеуметтік маңызы бар мәселелерді талқылауға қатыса алмайды; 2) өзінің жеке ниеттері мен қажеттіліктерін жүзеге асыра алмайды, оларды лексика-грамматикалық және прагматикалық тұрғыда жеткізе алмайды; 3) Сұхбаттасушылардың іс-әрекеттеріне баға бере алмайды, өз көзқарасын білдіре алмайды, оны дәлелдей алмайды.	1) Қазақ тіліндегі әлеуметтік маңызы бар мәселелердің бар екендігін біледі; 2) өзінің жеке ниеттері мен қажеттіліктерін жүзеге асырады бірақ лексика-грамматикалық және прагматикалық тұрғыда толық жеткізе алмайды; 3) Сұхбаттасушылардың іс-әрекеттеріне өздігінен баға бере алмайды, өз көзқарасын білдіре алады, бірақ дәлелдей алмайды.	1) Қазақ тіліндегі әлеуметтік маңызы бар мәселелерді талқылауға қатыса алады; 2) өзінің жеке ниеттері мен қажеттіліктерін жүзеге асырады лексика-грамматикалық және прагматикалық тұрғыда түсіндіре алады; 3) Сұхбаттасушылардың іс-әрекеттерін өздігінен бағалай алады, өз көзқарасын айта алады.	1) Қазақ тіліндегі әлеуметтік маңызы бар мәселелерді талқылай алады; 2) өзінің жеке қажеттіліктерін жүзеге асыра алады, оларды этикалық, лексика-грамматикалық және прагматикалық тұрғыда жеткізе алады; 3) Сұхбаттасушылардың іс-әрекеттеріне баға бере алады, өз көзқарасын білдіре алады, оны дәлелдей алады.
<b>3 ОН</b>	Әртүрлі жанрдағы мәтін түрлерін оқып, түсініп, негізгі және көмекші ақпараттарды	1) Өзіне қажетті ақпаратты іздеудің түрлі бағыттарын қолдана аламайды; 2) Оқу бағдарламасы	1) Өзіне қажетті ақпаратты іздеудің түрлі бағыттарын біледі; 2) Оқу бағдарламасы аясындағы түрлі	1) Өзіне қажетті ақпаратты іздеудің түрлі бағыттарын түсінеді, 2) Оқу бағдарламасы аясындағы түрлі	1) Өзіне қажетті ақпаратты іздеудің түрлі бағыттарын қолдана алады; 2) Оқу бағдарламасы аясындағы түрлі



	ажырата алады, мәтіндердегі мағыналық бөліктерді талдап, сипаттай алады.	аясындағы түрлі тақырыптардағы мәтіндердің негізгі мазмұнын түсінбейді және олардан негізгі/қосымша ақпаратты белгілей алмайды; 3) Мәтіннің әрбір бөліктерін, қорытындысын сипаттап бере алмайды, бөліктерге бөліп тұжырымдай алмайды.	тақырыптардағы мәтіндердің негізгі мазмұнын түсінеді және олардан негізгі/қосымша ақпаратты ажырата алады; 3) Мәтіннің әрбір бөліктерін, қорытындысын түсінеді, бірақ бөліктерге бөлуде шатасады.	тақырыптардағы мәтіндердің негізгі мазмұнын түсінеді және олардан негізгі/қосымша ақпаратты ажырата алады; 3) Мәтіннің әрбір бөліктерін, қорытындысын айта алады, бөліктерге бөле алады.	тақырыптардағы мәтіндердің негізгі мазмұнын түсінеді және олардан негізгі/қосымша ақпаратты белгілей алады; 3) Мәтіннің әрбір бөліктерін, қорытындысын сипаттап бере алады, бөліктерге бөліп тұжырымдай алады.
<b>4 ОН</b>	Қазақ тілінде әртүрлі мақсаттағы хат-хабарлар жазуға, мақала, аннотация, тезис жазуға, өз қызығушылығына қарай мақала түрлерін, эссе түрлерін жаза алады;	1) Әртүрлі мақсаттағы ісқағаздарын сауатты толтыра алмайды, жазылым дағдысын дамытпайды; 2) Түрлі тақырыпқа эссе жазудың құрылымын, аннотация, тезис, мақала жазуды меңгермейді; 3) Мәтін құруда қазақ тілінің тілдік ерекшеліктерін, таным-түсінігін ескермейді.	1) Әртүрлі мақсаттағы ісқағаздарын толтыруды біледі, жазылым дағдысы жайлы біледі; 2) Түрлі тақырыпқа эссе жазудың құрылымын, аннотация, тезис, мақала жазуды айта алады; 3) Мәтін құруда қазақ тілінің тілдік ерекшеліктерін, таным-түсінігін түсіне алады.	1) Әртүрлі мақсаттағы ісқағаздарын толтыруды біледі, жазылым дағдысы ескереді; 2) Түрлі тақырыпқа эссе жазудың құрылымын, аннотация, тезис, мақала жазуды сипаттай алады; 3) Мәтін құруда қазақ тілінің тілдік ерекшеліктерін, таным-түсінігін біледі.	1) Әртүрлі мақсаттағы ісқағаздарын сауатты толтырып, жазылым дағдысын жетілдіреді; 2) Түрлі тақырыпқа эссе жазудың құрылымын, аннотация, тезис, мақала жаза алады; 3) Мәтін құруда қазақ тілінің тілдік ерекшеліктерін, таным-түсінігін жүзеге асырады.
<b>5 ОН</b>	Қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпарат сұрауға және хабарлауға, қатысушылардың іс-	1) Кәсіби қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпарат сұрай және хабарлай алмайды; 2) Түрлі дереккөздерді пайдалана алмай,	1) Кәсіби қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпарат сұрауды және хабарлауды түсінеді; 2) Түрлі дереккөздерді біледі,	1) Кәсіби қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпарат сұрай және хабарлай біледі; 2) Түрлі дереккөздерді пайдалана	1) Кәсіби қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпарат сұрай және хабарлай алады; 2) Түрлі дереккөздерді пайдалана



	әрекеттеріне баға беруге, таным мен қарым-қатынас жағдайында әңгімелескен адамға әсер ету құралы ретінде ақпаратты пайдалана алады.	әңгімелескен адамды дәлелсіз сендіре алмайды; 3) Сөйлеу барысында сөйлеушінің мақсатын анықтай алмайды және прагматикалық талдау жасай алмайды.	әңгімелескен адамға өз ойын жеткізеді; 3) Сөйлеу барысында сөйлеушінің мақсатын анықтай алады, бірақ прагматикалық талдау жасай алмайды.	отырып, әңгімелескен адамдарға дәлелмен түсіндіре алады; 3) Сөйлеу барысында сөйлеушінің мақсатын біледі және прагматикалық талдауды түсінеді.	әңгімелескен адамды дәлелдер арқылы сендіре алады; 3) Сөйлеу барысында сөйлеушінің мақсатын анықтай алады және прагматикалық талдау жасай алады.
<b>6 ОН</b>	Интернет-ресурстар арқылы берілген ақпараттарды тыңдап, оларды түсінуге, негізгі тақырыпты анықтауға, мәліметтерді ажыратуға қабілетті бола алады.	1) Есту, көру, тыңдау арқылы алынған ақпаратты түсінбейді түсіндіре алмайды; 2)Түрлі айғақтар мен дәлелдерді қажет кезінде қолдана алмайды.	1) Есту, көру, тыңдау арқылы алынған ақпаратты жалпы түсінеді; 2)Түрлі айғақтар мен дәлелдерді қажет кезде сипаттай алады.	1) Есту, көру, тыңдау арқылы алынған ақпаратты түсінеді, түсіндіреді, толықтырады. 2)Түрлі айғақтар мен дәлелдерді қажет кезінде айта алады.	1) Есту, көру, тыңдау арқылы алынған ақпаратты түсінеді, түсіндіреді, толықтырады, жеткізеді. 2)Түрлі айғақтар мен дәлелдерді қажет кезде ұтымды қолдана алады.

**10.2 Бағалау критерийлері**

**Тәжірибелік сабаққа арналған чек парағы**

Ауызша сұрау	<b>Өте жақсы</b> A (95-100) A- (90-94)	-Білім алушы тақырып бойынша жауап беру барысында ешқандай қателік жібермесе; - пәннің негізгі бағдарын игерсе, сөз оралымдарын дұрыс қолданып, стильдік қателіктер жібермесе; - ғылыми тұжырым жасай алған жағдайда; -тақырып бойынша сөздік минимумды толық қатесіз тапсырса қойылады.
	<b>Жақсы</b> B+ (85-89) B (80-84) B-(75-79) C+ (70-74)	-Жауап беру барысында студент күрделі қателіктерге жол бермесе; - мардымсыз қатесін өзі түзей алса және тақырыптың негізгі бағытына қарай бейімделсе; - сөз оралымдарын дұрыс қолданып, стильдік қателіктер жібермесе; -тақырып бойынша сөздік минимумды қателікпен толық тапсырса қойылады.
	<b>Қанағаттанарлық</b>	-Егер студент өз жауабында біршама қателіктер жіберсе;

	С (65-69) С- (60-64) D+(55-59) D (50-54)	-тек негізгі оқулық материалдарымен ғана шектелсе; -сөздік минимумның 75% тапсыра алмаса; - сөйлеу мәнері нақты болмай, ойын жинақтай алмаса қойылады.
	<b>Қанағаттанарлық сыз</b> FX (25-49) F (0-24)	-Тақырыпты меңгермей, күрделі қателіктер жіберсе; - әдебиеттермен жұмыс жасамаса, жүйелі түрде сөйлей алмаса; - сөйлеу барысында күрделі стилистикалық қателіктерге жол берсе қойылады.
Жаттығулар мен жұмыс, талдау жұмысы	<b>Өте жақсы</b> A (95-100) A- (90-94)	-Тақырып бойынша ұсынылған жаттығуларды дер кезінде, толығымен, ешбір қатесіз орындаса; - өз бетінше талдау жасап, терминдердің құрамын, жасалуын түсіндіре алса қойылады.
	<b>Жақсы</b> B+ (85-89) B (80-84) B-(75-79) C+ (70-74)	-Жаттығуларды дер кезінде, толығымен, күрделі қатесіз орындаса, -өз бетінше талдау жасап, терминдердің құрамын, жасалуын толығымен түсіндіре алмаса қойылады.
	<b>Қанағаттанарлық</b> С (65-69) С- (60-64) D+(55-59) D (50-54)	-Жаттығуларды дер кезінде, айтарлықтай қатесіз орындаса; - өз бетінше талдау жасау барысында оқытушының көмегіне жүгінсе қойылады.
	<b>Қанағаттанарлық -сыз</b> FX (25-49) F (0-24)	-Жаттығуды уақытында орындамаса, күрделі қателіктерге жол берсе; -терминдерді талдай алмаса, жұмыс нәтижелерін талқылай алмаса қойылады.
Тестілеу	<b>Өте жақсы</b> A (95-100) A- (90-94)	Білім алушы тақырыпқа сәйкес тест тапсырмасының сұрағына толық дұрыс жауап берсе қойылады.
	<b>Жақсы</b> B+ (85-89) B (80-84) B-(75-79) C+ (70-74)	Білім алушы тақырыпқа сәйкес тест тапсырмасының сұрағына толық дұрыс жауап бермей, 2-3 қате жіберсе қойылады.
	<b>Қанағаттанарлық</b> С (65-69) С- (60-64) D+(55-59) D (50-54)	Білім алушы тақырыпқа сәйкес тест тапсырмасының сұрағына толық дұрыс жауап бермей, жартысына жауап берсе қойылады.
	<b>Қанағаттанарлық сыз</b> FX (25-49) F (0-24)	Білім алушы тақырыпқа сәйкес тест тапсырмасының 2-3 сұрағына дұрыс жауап берсе қойылады.
Мәтін құрастыру	<b>Өте жақсы</b> A (95-100)	-Егер білім алушы тақырыпқа сай мәтінді ұйқаспен, кемінде 15 қатардан тұратындай етіп құраса;

	A- (90-94)	- ойы мен мазмұны терең болса, мәтін мазмұны тәрбиелік мағынаны қамтыса қойылады.
	<b>Жақсы</b> B+ (85-89) B (80-84) B-(75-79) C+ (70-74)	- Білім алушы мәтінді тақырыпқа сай құрастырып, бірақ ұйқасын келтіре алмаса; - мәтін 12-13 қатардан кем болмаса, мазмұны сақталған, стилистикалық қателіктер кездеспесе қойылады.
	<b>Қанағаттанарлық</b> C (65-69) C- (60-64) D+(55-59) D (50-54)	-Білім алушы мәтінде ауытқулар жіберсе, ұйқасын келтіре алмаса; -10 қатарға жетпесе, мазмұнында стилистикалық қателіктер кездесе қойылады.
	<b>Қанағаттанарлықсыз</b> FX (25-49) F (0-24)	- Білім алушы дайын болмаса, 4-5 қатардан кем болса; - грамматикалық және стилистикалық өрескел қателіктер жіберсе қойылады.
Мәтінге (презентацияға, т.б.) пікір білдіру	<b>Өте жақсы</b> A (95-100) A- (90-94)	- Тақырыпқа қатысты түсінігін анық, толық айта алса; - мәтінге байланысты өзіндік пікірін, көзқарасын, сауатты жеткізе алса; - әртүрлі көзқарасты салыстырып, өзіндік ой тұжырымын жеткізе алса қойылады.
	<b>Жақсы</b> B+ (85-89) B (80-84) B-(75-79) C+ (70-74)	- Тақырыпқа қатысты түсінігін айту барысында елеусіз емес қателіктер жіберсе; - мәтінге байланысты өзіндік пікірін жүйелі түрде жеткізе алмаса; -әртүрлі көзқарасты салыстырып, өзіндік ой тұжырымын нақты жеткізе алмаса қойылады.
	<b>Қанағаттанарлық</b> C (65-69) C- (60-64) D+(55-59) D (50-54)	-Тақырыпқа қатысты түсінігін айту барысында көп қателіктер жіберсе; - мәтінге байланысты өзіндік пікірін нақты түрде жеткізе алмаса; - әртүрлі көзқарасты қателікпен салыстырып, өзіндік ой тұжырымын шашыранқы жеткізе алса қойылады.
	<b>Қанағаттанарлықсыз</b> FX (25-49) F (0-24)	-Тақырыпқа қатысты түсінігін айту барысында өрескел қателіктер жіберсе; - мәтінге байланысты өзіндік пікірін жеткізе алмаса; - өзіндік ой тұжырымын жеткізе алмаса қойылады.
Мәтінді жұптасып талдау	<b>Өте жақсы</b> A (95-100) A- (90-94)	Білім алушы жұбында жұмысқа белсенді қатысса, жұп жұмысын өрбіте алса, өзгеше ойлау қабілетін көрсете алса, оқытылатын материалдарды тереңінен білсе, талқылау кезінде өз пікірін деректермен дәлелдей алса қойылады.
	<b>Жақсы</b> B+ (85-89) B (80-84) B-(75-79)	Білім алушы жұбында жұмысқа қызығушылықпен қатысса, жұп жұмысын баяу өрбітсе, өзгеше ойлау қабілетін көрсете алса, оқытылатын материалдарды білсе, талқылау кезінде өз пікірін дәлелдей алса



	C+ (70-74)	қойылады.
	<b>Қанағаттанарлық</b> C (65-69) C- (60-64) D+(55-59) D (50-54)	Білім алушы жұп жұмысына бейтарап қараса, жұп жұмысын баяу өрбітсе, ойлау қабілетін қанағаттанарлық дәрежеде көрсете алса, оқытылатын материалдарды толығымен білмесе, талқылау кезінде кейбір дәлелдерді ғана келтіре алса қойылады.
	<b>Қанағаттанарлық</b> <b>сыз</b> FX (25-49) F (0-24)	Білім алушы жұп жұмысында үйлесімдік көрсете алмаса, ойлау қабілетін қанағаттанарлық дәрежеде көрсете алмаса, оқытылатын материалдарды білмесе, талқылау кезінде дәлелдерді келтіре алмаса қойылады.
<b>БӨЖ/ОБӨЖ-ге арналған чек парағы</b>		
Реферат әзірлеу және қорғау	<b>Өте жақсы</b> A (95-100) A- (90-94)	Реферат белгіленген уақытта әзірленсе, тақырып бойынша барлық мәліметтер қамтылып, кемінде 10 беттік компьютерде терілген мәтін көлемінде болса, кем дегенде 5 әдеби дерек көзі қолданылса; қосымша көрнекіліктер пайдаланылса, қорғау барысында оқып бермей, ойын нақты, дәйекті сөздермен, еркін жеткізе алса, қойылған сұрақтардың барлығына толық жауап берсе қойылады.
	<b>Жақсы</b> B+ (85-89) B (80-84) B-(75-79) C+ (70-74)	Реферат белгіленген уақытта әзірленсе, тақырып бойынша мәліметтер қамтылып, кемінде 8 беттік компьютерде терілген мәтін көлемінде болса, кем дегенде 4 әдеби дерек көзі қолданылса; қосымша көрнекіліктер пайдаланылса, қорғау барысында оқып бермей, ойын жеткізе алса, қойылған сұрақтарға жауап бергенде мардымсыз қателіктерге жол берілсе қойылады.
	<b>Қанағаттанарлық</b> C (65-69) C- (60-64) D+(55-59) D (50-54)	Реферат белгіленген уақытта әзірленсе, кемінде 7 беттік компьютерде терілген мәтін көлемінде болса, кем дегенде 4 әдеби дерек көзі қолданылса; қосымша көрнекіліктер пайдаланылмаса, қорғау барысында оқып берсе, ойын еркін жеткізе алмаса, қойылған сұрақтарға жауап бергенде күрделі қателіктерге жол берілсе қойылады.
	<b>Қанағаттанарлық</b> <b>сыз</b> FX (25-49) F (0-24)	Реферат белгіленген уақытта тапсырылмаса, тақырыптан ауытқып кетсе, көлемі 6 беттен аз болып, қорғау барысында мәтінді оқып берсе, қойылған сұрақтарға жауап бере алмаса, көрнекіліктер пайдаланбаса қойылады.
Презентация дайындау және қорғау	<b>Өте жақсы</b> A (95-100) A- (90-94)	Презентация тақырыпқа сай, белгіленген мерзімде, кемінде 10 слайд көлемінде, 5 дереккөзін пайдаланылып орындалса; слайдтардың мазмұны түсінікті, білім алушы қорғау барысында терең білімін көрсетіп, нақты деректер көрсетсе, сөйлеу

		шеберлігін танытып, аудиторияның назарын өзіне аудара алса, сұрақтарға дұрыс жауап берсе қойылады.
	<b>Жақсы</b> В+ (85-89) В (80-84) В-(75-79) С+ (70-74)	Презентация тақырыпқа сай, белгіленген мерзімде, кемінде 9 слайд көлемінде, 4 дереккөзін пайдаланылып орындалса; слайдтардың мазмұны түсінікті, білім алушы қорғау барысында білімін көрсетіп, деректер көрсетсе, білім алушыда сөйлеу дағдылары болса, сұрақтарға нақты жауап бере алмаса қойылады.
	<b>Қанағаттанарлық</b> С (65-69) С- (60-64) D+(55-59) D (50-54)	Презентация тақырыпқа сай, белгіленген мерзімінен кейін тапсырылса, кемінде 8 слайд көлемінде, 3 дереккөзін пайдаланылып орындалса; слайдтардың мазмұны түсінікті, білім алушы қорғау барысында ойын қателікпен жеткізсе, сұрақтарға толық жауап бере алмаса қойылады.
	<b>Қанағаттанарлықсыз</b> F (0-49)	Презентация дер кезінде тапсырылмаса, тақырыптан ауытқып кетсе, аталған талаптар орындалмаса.
Эссе жазу	<b>Өте жақсы</b> А (95-100) А- (90-94)	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Эссенің тақырыпқа сәйкестігі, мағыналық тұтастығы, ой байланысы, мазмұндаудың жүйелілігі болса;</li> <li>- мәселені берілген тақырып аясында нақты дәлелдемелермен шешсе, өзіндік тұжырымдарын берсе;</li> <li>- әртүрлі көзқарасты салыстырып, өзіндік ой тұжырымын ұсына алса;</li> <li>- эссе мәтінінде қазақ тілінің лексикалық, фразеологиялық, грамматикалық және стилистикалық нормалары, орфография мен пунктуация ережелері сақталса.</li> </ul>
	<b>Жақсы</b> В (85-89) В (80-84) В-(75-79) С (70-74)	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Эссенің тақырыпқа сәйкестігі, мағыналық тұтастығы, ой байланысы, мазмұндаудың жүйелілігі нақты болмаса;</li> <li>- мәселені берілген тақырып аясында дәлелдемелермен бере алса, өзіндік тұжырымдарын толық жеткізе алмаса;</li> <li>- әртүрлі көзқарасты салыстырып, өзіндік ой тұжырымын шашыранқы түрде жеткізсе;</li> <li>- эссе мәтінінде қазақ тілінің лексикалық, фразеологиялық, грамматикалық және стилистикалық нормалары, орфография мен пунктуация ережелері толық сақталмаса.</li> </ul>



	<p><b>Қанағаттанарлық</b> C (65-69) C- (60-64) D(55-59) D (50-54)</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Эссенің тақырыпқа сәйкестігі, мағыналық тұтастығы, ой байланысы шашыранқы, мазмұндаудың жүйелілігі толық болмаса;</li> <li>- мәселені берілген тақырып аясында нақты дәлелдемелермен бере алмаса, өзіндік тұжырымдарын жүйелей алмаса;</li> <li>- әртүрлі көзқарасты салыстыра алмаса, өзіндік ой тұжырымын нақты жеткізе алмаса;</li> <li>- эссе мәтінінде қазақ тілінің лексикалық, фразеологиялық, грамматикалық және стилистикалық нормалары, орфография мен пунктуация ережелерінде өрескел қателіктер болмаса.</li> </ul>
	<p><b>Қанағаттанарлықсыз</b> FX (25-49) F (0-24)</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Эссенің тақырыптан ауытқуы, мағыналық тұтастығы, мазмұндаудың жүйелілігі болмаса;</li> <li>- берілген ақпаратында дәлелдер бере алмаса, өзіндік тұжырымдары болмаса;</li> <li>- әртүрлі көзқарастар қарастырылмаса, өзіндік тұжырымын жеткізе алмаса;</li> <li>- эссе мәтінінде қазақ тілінің лексикалық, фразеологиялық, грамматикалық және стилистикалық нормалары, орфография мен пунктуация ережелерінде өрескел қателіктер жіберсе.</li> </ul>
Сауалнама дайындау	<p><b>Өте жақсы</b> A (95-100) A- (90-94)</p>	Материалды толық меңгеріп, сауалнаманы материал бойынша сауатты, тақырыпқа сай құраса, сұрақтардың саны 10-нан кем болмаса және стилистикалық тұрғыда дұрыс құралса. Сауалнама нәтижесі белгілі бір қорытынды шығаруға мүмкіндік беретін болса қойылады.
	<p><b>Жақсы</b> B+ (85-89) B (80-84) B-(75-79) C+ (70-74)</p>	Материалды толық меңгеріп, сауалнаманы материал бойынша сауатты, тақырыпқа сай құраса, сұрақтардың саны 9-дан кем болса және стилистикалық тұрғыда қателіктер кездессе. Сауалнама нәтижесі белгілі бір қорытынды шығаруға мүмкіндік бере алмаса қойылады.
	<p><b>Қанағаттанарлық</b> C (65-69) C- (60-64) D+(55-59) D (50-54)</p>	Материалды толық меңгеріп, сауалнаманы материал бойынша сауатты ұрай алмаса, стилистикалық тұрғыда қателіктер көптеп кездессе, тақырыпқа сай болмаса, сұрақтардың саны 5-ге жетпесе және грамматикалық тұрғыда сауатсыз жазылса.
	<p><b>Қанағаттанарлықсыз</b></p>	Материал меңгерілмесе, сұрақтар тақырыпқа сай болмаса, грамматикалық қателер көптеп кездессе,



FX (25-49)

F (0-24)

стилистикалық тұрғыда дұрыс құралмаса қойылады.

**Аралық бақылау**

Бақылау түрі	Бағасы	Бағалау критерилері
Тестілеу (50 тест тапсырмасы нан)	<b>Өте жақсы</b> A (95-100) A- (90-94)	Білім алушы 50-45 тест тапсырмасының сұрағына дұрыс жауап берсе қойылады.
	<b>Жақсы</b> B+ (85-89) B (80-84) B-(75-79) C+ (70-74)	Білім алушы 44-38 тест тапсырмасының сұрағына дұрыс жауап берсе қойылады.
	<b>Қанағаттанарлық</b> C (65-69) C- (60-64) D+(55-59) D (50-54)	Білім алушы 36-25 тест тапсырмасының сұрағына дұрыс жауап берсе қойылады.
	<b>Қанағаттанарлықсыз</b> FX (25-49) F (0-24)	Білім алушы 24-0 тест тапсырмасының сұрағына дұрыс жауап берсе қойылады.

**Аралық аттестаттау**

Емтиханға пәннің бағдарламасын толық меңгерген және үлгерім рейтингісін алған студенттер ғана жіберіледі.

Үлгерім рейтингтік бағасы мен емтиханның нәтижелерінің қосындысынан шығатын әр пән бойынша қорытынды баға анықталады, бұл жердегі 60% -жіберілу рейтингтік бағасы, 40% - емтихан нәтижесі болып табылады.

**Білімді бағалаудың көпбалдық жүйесі**

ОЕК бойынша тілді меңгеру деңгейі мен сипаттамасы	Әріптік жүйе бойынша бағалар	ECTS (иситиэс) бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	%-дық құрамы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
В1	A	A	4,0	95-100	Өте жақсы
	A-		3,67	90-94	
	B+	B	3,33	85-89	Жақсы
	B	C	3,0	80-84	Жақсы
	B-		2,67	75-79	

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Қазақ, орыс және латын тілдері кафедрасы «Қазақ тілі» (B1) пәнінен «Медицина» БББ арналған силлабус		044-37/11 – ( ) 32 беттің 27-беті

	C+		2,33	70-74	Қанағаттанарлық
	C	D	2,0	65-69	
	C-		1,67	60-64	
	D+		1,33	55-59	
	D	E	1,0	50-54	Қанағаттанарлық
	F	FX, F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз

## 11. Оқу ресурстары

Электрондық ресурстар, мәліметтер базасы, анимациялық симуляторлар, кәсіби блогтар, веб-сайттар, басқа электронды анықтамалық материалдар (мысалы: видео, аудио, дайджест)	<a href="https://kaz-tili.kz/">https://kaz-tili.kz/</a> , <a href="http://www.sozdik.kz">www.sozdik.kz</a> , <a href="http://www.soylem.kz">www.soylem.kz</a> , <a href="https://tilalemi.kz/">https://tilalemi.kz/</a> , <a href="https://emle.kz./til">https://emle.kz./til</a> , <a href="https://termincom.kz/">https://termincom.kz/</a> , т.б.
Электрондық оқулықтар	1. Мұсабекова А.А. Қазақ тілі: медицина саласы мамандарын дайындайтын жоо, колледж білімгерлерімен мемлекеттік тілді үйренуші медицина саласы қызметкер-леріне арналған (3 тереңдетілген деңгей). / А.А. Мұсабекова, К.С. Замзебаева. – Алматы: «Эверо» баспасы, 2020. – 128 б. <a href="https://www.elib.kz/ru/search/read_book/616/">https://www.elib.kz/ru/search/read_book/616/</a> 2. Жусанбаева, Сәуле Бейсентайқызы <b>Қазақ тілін оқытудың инновациялық әдістемесі</b> [Мәтін] : оқу құралы / С. Б. Жусанбаева, Л. Т. Әлімтаева; әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2016. - 209, [1] б <a href="http://elib.kaznu.kz">http://elib.kaznu.kz</a> 3. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. Мажитаева Ш., Жуынтаева З.Н., 2020 оқу-әдістемелік құрал <a href="https://aknurpress.kz/login">https://aknurpress.kz/login</a> 4. Айтбайұлы, Өмірзақ <b>Қазақ тіл білімінің терминологиясы мәселелері</b> [Мәтін] : монография / Ө. Айтбайұлы ; сый Ө. Айтбайұлы. - Алматы : Абзал-Ай, 2013. - 396, [4] б. <a href="http://elib.kaznu.kz">http://elib.kaznu.kz</a>
Зертханалық физикалық ресурстар	-

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Қазақ, орыс және латын тілдері кафедрасы «Қазақ тілі» (B1) пәнінен «Медицина» БББ арналған силлабус	044-37/11 – ( ) 32 беттің 28-беті	

Арнайы бағдарламалар	-
Журналдар (электронды журналдар)	-

### Әдебиет

1. Мұсабекова А.А. «Қазақ тілі» 2-бастауыш деңгейі, мед. қызметкерлеріне арналған оқу құралы, Алматы, Эверо, 2016, 122 бет.
2. Джумадиллаева Г.Н. «Қазақ тілі» медицина және фармация мамандықтарына арналған оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды қ. 2016 ж.
3. Абдрахманова Г.Х. Айтбаева Б.М. Қазақ тілі: оқу құралы. Эверо, 2014
4. Оразымбетова, Г. Д. Қазақ тілі : оқу құралы . - Қарағанды : ЖК "Ақ Нұр", 2013
5. Айтбаева Б.М. Қазақ тілі (B1 деңгейі) оқулығы. – Қарағанды, 2014. – 205 б.
6. Балабеков А.К., Бозбаева-Хунг А.Т., Досмамбетова Г.Қ., Салыхова Б.О., Хазимова Ә.Ж.. Қазақ тілі: ортадан жоғары деңгейге арналған оқулық. Ұлттық тестілеу орталығы. – Астана: 2017
7. Бозбаева-Хунг А.Т., Балабеков А.К., Досмамбетова Г.Қ., Салыхова Б.О., Хазимова Ә.Ж. Қазақ тілі: орта деңгейге арналған оқулық. Ұлттық тестілеу орталығы. – Астана: 2017.
8. Күзекова З.С., Байтелиева Ж.Д. Қазақ тілі: орта деңгейге арналған оқулық. – Астана, 2016.
9. Күзекова З.С., Байтелиева Ж.Д. Қазақ тілі: ортадан жоғары деңгейге арналған оқулық. – Астана, 2016.
10. Қазақ тілі (тіл үйренушілердің B1 және B2 деңгейлеріне арналған): орыс тілді топтарға арналған оқу құралы./ Қ.С. Құлманов, Б.С. Абдуова, т.б. - Астана: - 2015.- 298 б.
11. Құлманов Қ.С., Абдуова Б.С. Қазақ тілі (тіл үйренушілердің B1 және B2 деңгейлеріне арналған): орыс тілді топтарға арналған оқу құралы - Астана: ЕҰУ. - 2015.- 298 б.

### Қосымша:

1. Тер-Минасова, С. Г. Тіл және мәдениетаралық коммуникация [Мәтін] = Язык и межкультурная коммуникация : оқулық / Қаз.тіл.ауд. Х. Ордабекова, Ш. Бағиева. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 320 б. с. : (Рухани жаңғыру).
2. Ақанова Д.Х., Алдашева А.М., Ахметжанова З.Қ., Қадашева Қ., Сүлейменова Э.Д. Ресми-іскери қазақ тілі. Оқулық кешені. Бірінші деңгей. Екінші деңгей. Үшінші деңгей. –Алматы, «Арман -ПВ», 2002ж.
3. Қазақ тілі және ұлттық құндылықтар. Кешенді оқу құралы. 1,2,3,4 кітап. – Алматы: Эверо, 2018.



4. Қазақ тілі: үш деңгейлік оқу құралы/ З.Ш.Ерназарова, Е.Е.Тілешов және т.б. - Астана: Арман-Медиа, 2013.- 294 б.

5. Орфографиялық сөздік / Алтыншы басылым. Құраст.: Н.Уәли, Қ.Күдерінова, А.Фазылжанова, Ж.Исаева, Н.Әміржанова, А.Әмірбекова.- Алматы: «Дәуір» баспасы, 2013.- 720б.

6. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі /жалпы ред.басқ. Т. Жанұзақов. - Алматы: Дайк-Пресс, 2008.- 968 б

## 12. Пән саясаты

- 1) білім алушысабақтан себепсіз қалмау;
- 2) білім алушының өзіндік жұмыстарын уақтылы кесте бойынша тапсыру;
- 3) сабаққа қажетті оқу-әдістемелік кешеннің электрондық нұсқасын алу;
- 4) сабақ үстінде басқа іспен шұғылданбау;
- 5) сабырмен өзін-өзі ұстай білу, оқытушыларды және өзімен бірге оқитын жолдастарын сыйлау, мейірімді болу;
- 6) сырт көрінісі мен киім үлгісіне тиянақты болу;
- 7) кафедраның мүліктеріне қамқорлық жасау.
- 8) білім алушы сабақтан қалған және өтем қағазы арқылы өтемеген, «Платонус» АЖ нәтижесі бойынша сабақ үлгерімінің 50%-ын жинамаған және I немесе II аралық бақылауды тапсырмаған жағдайда емтиханға жіберілмейді.

## 13. Академияның моральдық-этикалық құндылықтарына негізделген академиялық саясат

### 1 Миссия

Бәсекеге қабілетті кадрларды даярлау саласында көшбасшы болу!

### Білім беру жүйесіндегі орны

Халықаралық сапа және қауіпсіздік стандарттарына сай мамандарды даярлауға бағытталған құзыреттілік тәсілдеріне және практикалық денсаулық сақтау мен фармацевтикалық өндірістердің қажеттіліктеріне негізделген медициналық және фармацевтикалық білім берудің тиімді жүйесі.

ОҚМА өз миссиясын жүзеге асыруға негізделген **негізгі этикалық қағидалар:**



**ОҚМА ПОҚ жоғары кәсібилігі қағидасы** – бұл дайындықтың барлық деңгейіндегі білім алушыларға сапалы білім беру қызметін ұсынатын ПОҚ-ның өз білімдері мен дағдыларын үнемі жетілдіруі.

**ОҚМА-дағы сапа қағидасы** - қазақстандық білім беруді жаңғырту тұжырымдамасын жүзеге асыру болып табылады, оның басты бағыты жеке тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің өзекті және перспективті сұранысына сәйкес білім беруде қазіргі заманауи сапамен қамтамасыз ететін инновациялық технологиялар мен ғылым мен тәжірибедегі жаңа жетістіктерді оқу процесінде, ғылыми-зерттеу қызметтерінде және кеңес беру-диагностикалық жұмыстарда қолдануды қамтамасыз ету болып табылады.

**Оқу бағдарлау қағидасы** - білім беру бағдарламаларының икемді траекториялары бойынша білім алушыға орталықтаныдырылған оқу процесін іске асыру, еңбек нарығында тез өзгеріп отыратын экономикалық жағдайлар мен қазіргі заманғы

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Қазақ, орыс және латын тілдері кафедрасы «Қазақ тілі» (B1) пәнінен «Медицина» БББ арналған силлабус	044-37/11 – ( ) 32 беттің 30-беті	

	<p>үрдістерді ескере отырып, білім алушыларға олардың кәсіби өсуі үшін барынша тиімді жағдайлар жасау, мотивацияны дамыту және білім беру нәтижелерін бақылау, білім беру бағдарламаларын үздіксіз жаңарту, тиімді кәсіби қызметі үшін қажетті білімі мен біліктілік шеңберін кеңейту.</p>
2.	<p>Академиялық саясат:  <a href="http://surl.li/eroik">http://surl.li/eroik</a></p>
3	<p><b>Пән бойынша бағалау саясаты</b></p> <p>Курс аяқталғаннан кейін білім алушылардың қорытынды бағасы (ҚБ) рұқсат беру рейтингін(ОРБ) және қорытынды бақылауды (ҚББ) бағалау сомасынан құралады және балдық-рейтингтік әріптік жүйеге сәйкес қойылады</p> <p><math>ҚБ = ОРБ + ҚББ</math></p> <p>Рұқсат беру (ОРБ) рейтингін бағалау 60% құрайды және ағымдық бақылауды (АББ) бағалауды және аралық бақылауды (АБ) бағалауды қамтиды</p> <p>Ағымдағы бақылауды бағалау (АББ) практикалық Сабақтың және БӨЖ-нің орташа бағасын білдіреді.</p> <p>Аралық бақылауды бағалау (АБ) екі аралық бақылаудың орташа бағасын білдіреді.</p> <p>60 баллға төзімділік (Б рейтингінің бағалары мына формула бойынша есептеледі,  <math>АБ\ орта \times 0,2 + АБ\ орта \times 0,4</math></p> <p>Қорытынды бақылау (ҚБ) тестілеу формуласы бойынша жүргізіледі және білім алушы 40 балл немесе жалпы 40% ала алады бағалау</p> <p>Тестілеу кезінде білім алушыға 50 сұрақ ұсынылады.</p> <p>Қорытынды бақылауды есептеу келесідей жүргізіледі; егер білім алушы 50-ден 45 сұраққа жауап берсе, онда бұл <math>90\% \times 4 = 36</math> балл қорытынды баға егер білім алушының рұқсат беру рейтингі(ОРБ)=50 балл немесе 30% немесе одан да көп оң бағалары болған жағдайда, сондай-ақ қорытынды бақылау(ҚБ) бойынша есептеледі=20 балл немесе 20% немесе одан көп</p> <p>Қорытынды баға (ҚБ)(1.00 балл)= бақылаудың бір түрі үшін қанағаттанарлықсыз баға алған білім алушы (ҚР, ҚР1., ТКср ) емтиханға жіберілмейді.</p>

<b>14. Бекіту және қайта қарау</b>			
<b>Бекітілген күні</b>	<b>Хаттама №</b>	<b>Каф. меңгерушісі</b> <b>Т.А.Ж.</b>	<b>Қолы</b>
« <u>22</u> » <u>05</u> 2023ж.	№ <u>15</u> хаттамасы	Л.Б.Ибраева	
<b>ББК-да мақұлданған күні</b>	<b>Хаттама №</b>	<b>ББК төрағасы</b> <b>Т.А.Ж.</b>	<b>Қолы</b>
« <u>05</u> » <u>06</u> 2023ж.	№ <u>11</u> хаттамасы	А.Ш.Садыкова	

<p>ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН  <b>MEDISINA</b>  <b>AKADEMIASY</b>  «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>		<p>SOUTH KAZAKHSTAN  <b>MEDICAL</b>  <b>ACADEMY</b>  АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Қазақ, орыс және латын тілдері кафедрасы</p>		<p>044-37/11 – ( )</p>
<p>«Қазақ тілі» (B1) пәнінен «Медицина» БББ арналған силлабус</p>		<p>32 беттің 31-беті</p>

OÑTÜSTİK QAZAQSTAN

**MEDISINA  
AKADEMIASY**

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

**MEDICAL  
ACADEMY**

АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»

Қазақ, орыс және латын тілдері кафедрасы

«Қазақ тілі» (В1) пәнінен «Медицина» БББ арналған силлабус

044-37/11 – ( )

32 беттің 32-беті